

Қазақстан Республикасында бағалы металдардың қайталама ресурсын пайдаланудың тиімділігін арттыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 тамыз 1993 ж. N 718. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Құрамында бағалы металдар бар сынықтар мен қалдықтарды дайындау (өткізу) жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру, сондай-ақ республикада бағалы металдардың қайталама ресурсын өңдеу технологиясын игеру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясына, "Алтын" акционерлік қоғамына республикада бағалы металдардың қайталама шикізатын өңдейтін өз қуаты жасалғанға дейін бағалы металдарды "Сэйбин металл корпорэйшн" фирмасының (АҚШ) және басқа фирмалардың зауыттарында алынған бағалы металдар міндетті түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің Мемлекеттік құнды заттар қоймасына қайтарылатын етіп өңдеуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрі:

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясына, "Алтын" акционерлік қоғамына 1993-1994 жылдары құрамында бағалы металдар бар сынықтар мен қалдықтарды өңдеуге байланысты операциялар жүргізуге қажетті лицензиялар беретін болсын;

"Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы, "Алтын" акционерлік қоғамы түсті металдардың экспортына жалпы квоталарда есеп айырысу үшін және "Сэйбин металл корпорэйшн" фирмасы мен басқа фирмалардың зауыттарында көрсеткен қызметі үшін шығынның орнын толтыратын өнім көлемін қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 наурыздағы N 1154 Жарлығының 7-тармағына сәйкес өңдеуге кеткен шығынның орнын толтыру үшін сыртқа шығарылатын құрамында бағалы металдар мен түсті металдар бар қайталама шикізаттан кедендік баж салығы алынбайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

